

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені
Мамандығы: «6B12301- Құқық қорғау қызметі»
Пән: Прокурорлық қадағалау**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ**

**ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ
пәні бойынша семинарлық сабактарды жүргізуге
арналған**

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

**(заң факультетінің «6B04205- Құқықтану» мамандығы студенттері
үшін)**

АЛМАТАЙ 2022 ж.

Әдістемелік нұсқаулықтар қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және қриминалистика кафедрасының доцент м.а., PhD докторы А.А.Арынмен дайындалған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Ғылыми кеңесімен ұсынылған және бекітілген.

Д.Л. Байдельдинов

Хаттама «_____» 2022 ж.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің «6B04205- Құқықтану» мамандығы студенттері үшін «Прокурорлық қадағалау» пәні бойынша семинарлық сабактарды жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулықтар.

1. Жалпы ережелер

«Құқықтану» мамандығы бойынша оқып жатқан студенттердің оқу нысанының бір түрі болып семинарлық сабактар танылады. Ұсынылып жатқан жалпы ережелер тек қана ұсынушылық сипатқа ие.

Тәжірибелік сабактар оку үдерісінің қажетті элементі болып табылады. Тәжірибелік сабактардың мақсаты – дәрістен алған білімді тереңдегу, ұлғайту, кәсіби маңызды білім мен машықты қалыптастыру. Тәжірибелік сабактар студенттерге зәңи терминологияны менгеруге, сөйлеу мәдениетін және кәсіби ойлау қабілетін дамытуға көмектесіп, оралымды екі жақты байланыстың құралы болып табылады.

Студенттер тәжірибелік сабактарда нақты жағдайларға құқықтық нормаларды қолдану, нормативтік құжеттарды түсіндіру, көптеген құқықтық актілердің ішінен тиісті нормаларды таңдап алу машығына, өзінің дараптығын, ойлау дербестігін, өз пікірін аяғына дейін ұстану қабілетіне ие болады.

Тәжірибелік сабактардың құрылымы келесі элементтерді қамтиды: ұйымдастырушылық кезең (оқытушы студенттермен сәлемдесіп, журналда сабакқа келмеген студенттерді белгілейді, студенттердің сабакқа дайындығын анықтап, сабактың тақырыбы мен жоспарын жариялады); матеріал бойынша студенттердің сұраққа жауабын тыңдайды; негізгі бөлім (теориялық сұрақтарды талдау және есептерді шығару); сабакты қорытындылау (оқытушы бүкіл топтың жұмысын бағалап, бағаларды жарияладап, түсінедіреді, нақты студенттердің жауаптарындағы жетістіктер мен жіберілген кемшиліктерді көрсетіп, келесі сабакқа тапсырма береді). Тәжірибелік сабактардың негізгі бөлімі теорялық сұрақтарды есептерді шешумен оралымды үйлестіруге арналуы керек, уақыттың елеулі бөлігі есептерді шешуге жіберіліп, 50 минуттық сабак барысында теориялық сұрақтарды талдауға 10-15 минут уақыттың жұмсалуы ұсынылады. Теориялық сұрақтарды талдау әртүрлі: студенттердің баяндамалары, есептерді шешу, теориялық семинар жүргізілуі мүмкін.

Оқытушы студенттерге баяндаманың қандай талаптарға сәйкес келуі қажет екендігін түсіндіруі қажет. Баяндаманың тақырыбын белгіліген соң, жұмыста пайдаланылған авторларды атап, баяндаманың жоспарын және баяндама бойынша тиісті сұрақтарды қайнар көздерге сілтеме, аворлардың пікірін келтіре отырып, мүмкіндігінше өз пікірін білдіре отырып жанжақты түрде баяндау қажет.

Есептерді шешу, қойылған сұрақтарға толық жауап беру түрінде жазбаша нысанда студенттердің дәптерлерінде болуы қажет. Есепте берілген әрбір оқиға, жағдай олармен байланысты сұрақтарды зәңи бағалауды талап етеді. Әр сұраққа заң нормаларына сілтеме жасай отырып, нақты жауап берілуі (иә, жок) керек. Студент тиісті норманы қалай қолданғанын, сәйкес жағдайларда КР Жоғарғы сотының нормативтік

қаулыларына, ғылыми түсіндірulerге сілтеме жасай отырып көрсетуі қажет. Осы әдіснаманы менгерген студент кәсіби міндеттерді тиімді шешуге байланысты тәжірибелік машиққа ие болады.

Семинар (лат. seminarium – рассадник, көшет) – жетекшінің тапсырмасы бойынша жекелеген сұрақтар, проблемаларды баяндама немесе бірігіп талқылау түрінде студенттердің өз бетінше зерделеуіне негізделген, оқу үдерісінің нысаны. Тәжірибелік сабактарға қарағанда семинар теориялық сипатқа ие және белгілі бір пәнде терең бағытталған. Семинар сабактары оқушыларды оқу-танымдық қызмет барысында дербестік танытуға бағыттай отырып, білімді нығайтуға көмектеседі. Семинар барысында қайнар көздермен, қосымша әдебиеттермен, құжаттармен жұмыс нәтижесінде алынған білім жүйеленеді, тереңдетіледі, қадағаланады. Семинар сабактарының басты мақсаты – студенттерді зерттелінетін салалардың ерекшелігіне қарай, теориялық білімді пайдалану дағылары мен машиқтарына ие болу мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

Негізгі мақсаттық бағытына байланысты семинардың үш типін ажыратамыз:

- 1) белгілі бір оқу курсын терең зерттеуге арналған, осы курстың материалымен тақырыптық байланысты семинар;
- 2) әдіснамалық түрғыдан маңызды курстың немесе белгілі бір тақырыпты негізді түрде дайындауға арналған семинар;
- 3) арнайы семинарға ұласуы мүмкін, жекелеген өзекті мәселелерді ғылыми өңдеуге арналған зерттеу типіндегі семинар.

Арнайы семинар белгілі ғалымның жетекшілігімен белгілі бір проблемаға байланысты жас зерттеушілердің қарым-қатынасының мектебін білдіреді. Тәжірибелі жетекші ғылыми шығармашылықтың ауарайын қалыптастырып, студенттерді ұжымдық ойлау қызметіне бағдарлап, зерттеу жұмысының тиімді әдістерін пайдаланады. Қорытынды сабакта оқытушы студенттік ғылыми жұмыстарға толыққанды шолу жасап, қорытындылайды, қарастырылған проблемалардың ары қараты зерттелу мүмкіндіктерін аша отырып, қызығушылық білдірген студенттердің осы проблемаларды зерттеуге қатысу мүмкіндіктерін түсіндіреді.

Семинар сабактары дәріс сабактарымен тығыз байланысты, дегенмен де семинардың оқу материалы дәріс материалын қайтalamайды. Оқытушының жетекшілік рөлі оқу жұмысын тиянақты жоспарлаудан, маңызды сұрақтарды семинарда талдауға бөліп шығарудан, дербес дайындалу үшін әдебиеттерді тандаудан, талқылау үдерісіне басшылық жасаудан көрінеді.

Жүргізу әдісіне байланысты семинар келесі түрлерге бөлінеді.

Семинар-сұхбат семинар жоспарындағы барлық сұрақтар бойынша бүкіл студенттердің сабакқа дайындалуын білдіріп, тақырыпты белсенді талқылауға студенттердің елеулі бөлігінің тартылуын білдіреді. Оқытушының қысқаша баяндамасынан кейін, жоспардағы нақты сұрақтар бойынша бірнеше студенттердің жан-жақты мәлімдемелері тыңдалып,

басқа студенттердің жауаптарымен толықтырылады, сонынан оқытушы қорытындылайды.

Семинар-дискуссия, немесе семинар-диспут қандай да болмасын проблеманы ұжымдық талқылау және шешу үшін семинарга қатысуышылардың диалогтық сөйлесу мүмкіндігін білдіреді. Талқылау үшін оқытылатын пәннің ең өзекті мәселелері таңдалынады. Участники Дискуссияға қатысуышылар өз ойларын нақты құруға, өз пікірлерін ұстап тұруға, сын пікірлерге дәлелді түрде қарсы тұруға үйренеді. Семинар сабактарының ең тиімді нысаны қатысуышылардың сәйкес орналасуы қағидасындағы «дөңгелек үстел». Осыған байланысты диалог арқылы дискуссия тақырыбын бірігіп өрбіту үшін, студенттерді қарым-қатынас, өзара әрекет мәдениетіне үйрету қажет.

Семинардың аралас нысаны баяндамаларды талқылау, қатысуышылардың еркін сөйлеуі, жоспарланған дискуссиялар түрінде өтеді.

Студенттердің семинарга дайындалуына педагогикалық жетекшілік ету оқытушының баяндамалардың жоспарын құруға көмектесуінен, әдеби қайнар көздерді конспектілеуге үйретуден, рефераттар мен баяндамалардың мәтінін дұрыс рәсімдеуге, өзіндік жұмыс барысында туындаған сұрақтарға байланысты кеңес беруден көрінеді.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

Тақырып 1. Прокурорлық қадағалау пәнінің пәні, мазмұны және жүйесі.

1. Курстың түсінігі, пәні, жүйесі, құрылымы және өкілеттігі.
2. ҚР Конституциясы және 21.12.95 ж прокуратура туралы ҚР Заңы.
3. Прокурорлық қадағалау мемлекеттік қызметінің ерекше түрі ретінде.
4. ҚР Прокурорлық қадағалау курсының басқа заң пәндермен арақатынасы.
5. Прокуратура органдарының мәні мен міндеттері.

Тақырып 2. ҚР прокуратура органдарының қалыптаса бастауы және дамуы.

1. Прокуратура органдарының қалыптасуының және дамуының негізгі кезеңдері. Прокуратура органдары реформалауының тарихи шарттары.
2. Прокурорлық қадағалау туралы ереже. 1933 жыл
3. Прокуратура туралы ҚР заңы 1992 жыл
4. ҚР прокуратура қызметшілерінің әскери атақтары және кластық шендері туралы, прокуратура органдарында қызметті өту туралы ереже
5. ҚР Прокуратура туралы заңы 1995
6. 2002 ж. 9 тамыздағы Прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша ҚР кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы ҚР Заңы

Тақырып 3. Прокуратура органдарының қызметін үйымдастыруының құқықтық негіздері

1. Прокуратура органдары қызметінің конституциялық негіздері
2. Заң, негізгі ережелері, заң құрылымы
3. ҚР қылмыстық атқару кодексі
4. Прокуратура органдарының алдында тұрған міндеттер

Тақырып 4. ҚР мемлекеттік органдарының жүйесінде прокуратура органдары

1. ҚР мемлекеттік органдарының жүйесінде прокуратураның орны және ролі
2. Прокуратура және заң шығару билігі
3. Прокуратура және атқарушы билігінің органдары.
4. Прокуратура және сот

Тақырып 5. Прокуратура қызметінің және үйымдастыруының принциптері.

1. Конституциялық принциптердің түсінігі мен мәні және олардың салалық принциптермен арақатынасы.
2. Прокуратура органдарының үйымдастыруы және қызметі.
3. ҚР прокуратура органдары мекемелер мен органдардың бірыңғай және орталық жүйе ретінде.
4. Мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға тәуелденбей прокурорлармен өз өкілдіктерін іске асыру.
5. Прокурорлық қадағалаудың жариялышы.
6. Прокуратура қызметіндегі алқалылышы, прокурор жұмысындағы өнегелі бастамалар.

Тақырып 6. Прокуратура органдары қызметінің мазмұны және негізгі бағыттары.

1. ҚР прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттарының түсінігі.
2. Прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттарының прокурорлық қадағалаудың саласымен арақатынасы.
3. Прокурорлық қадағалаудың негізгі бағыттарының жалпы сипаттамасы және түрлері.
4. Айыпкерді сотқа беру институты.

Тақырып 7. Прокурорлық қадағалаудың құқықтық актілері.

1. Прокурорлық қадағалаудың құқықтық актілері жүйесі.
2. Құқықтық актілердің түсінігі және мәні.
3. Прокурордың құқықтық актілері.
4. Прокурорлық қадағалаудың актілерінің басқа түрлері.

Тақырып 8. Прокуратура органдарының жүйесі, құрылымы және олардың үйымдастыруы.

1. Прокуратура органдары жүйесінің түсінігі.
2. Прокуратура органдарының құрылымы.
3. Прокуратура органдарының қалыптастыру тәртібі.
4. ҚР астанасының және республикалық маңызы бар қалаларының прокуратураалары, облыстық прокуратураалар, ауданаралық, аудандық және оларға теңелген әскери мен басқа арнайы прокуратура органдары, окуорындар.

Тақырып 9. ҚР прокуратура органдарына қадрларды сұрыптау, орналастыру және тәрбиелеу.

1. Қадрларды сұрыптау, орналастыру және тәрбиелеу.
2. Прокурор лауазымына тағайындалатын тұлғаларға және прокуратура қызметшілеріне қойылатын талаптар.
3. Аттестацияның және прокуратура қызметшілеріне кластық шенді беру сұрақтары.
4. Прокуратура органдары қызметшілерінің әлеуметтік және құқықтық қорғауы. Еңбектің құқықтық реттеуі.

Тақырып 10. Мемлекеттік басқару органдармен мекемелермен, кәсіпорындармен, лауазымдық тұлғалармен және азаматтармен заң қолдануын қадағалау.

1. Мемлекеттік басқару органдармен, кәсіпорындармен, лауазымдық тұлғалармен және азаматтармен заң қолдануын қадағалаудың түсінігі және міндеттері.
2. Қадағалауды іске асыру бойынша прокурордың өкілеттілігі. Прокурордың құқықтық актілерін орындау міндеттілігі, лауазымдық тұлғалармен заң қолдануын қадағалау, прокурорлық қадағалау тәртібінде прокурор наразылығы; заң бұзуды жою туралы прокурордың жарлығы.
3. Прокурор ұсынысы; қылмыстық істі қозғау туралы прокурордың қаулысы – қадағалаудың аталған саласына тән прокуратура акті ретінде. Тәртіптік және әкімшілік іс жүргізуін прокурор қаулысы. Анықталған құқық бұзушылықты жою туралы прокурор ұсынысы.
4. Сот органдарына прокурор талабы.

Тақырып 11. Қылмыс және басқа құқық бұзушылықтармен құресу жонінде құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру.

1. Үйлестіру түсінігі, мәні, мақсаттары және қатысуышылары.
2. Үйлестіруі нің нысандары.
3. Үйлестірудегі прокуратураның жетекші рөлі.
4. Басқа мемлекеттік органдармен, қоғамдық үйымдармен және кәсіпорындармен әрекеттесу.

Тақырып 12. Жедел іздестіру қызметі, тергеу мен алдын ала анықтау заңдылығына прокурорлық қадағалау.

1. Жедел іздестіру қызметі, тергеу және алдын ала анықтау органдармен зан қолдануды қадағалаудың мәні, түсінігі және міндеттері. Актілер және қадағалауды іске асыру бойынша құқықтық құралдар. Прокурор өкілеттілігі. қылмыстық істерді қозгау заңдылығын қадағалау.

2. Адам мен азаматтың бостандығын және КОНСtitуциялық құқықтарын қозғайтын мәселелер бойынша қадағалауды іске асырудың ерекшеліктері (ұстау және қамау, тінту өндірісі және алу, пошталықтелеграфтық корреспондентке тыйым салу, телефондық сөйлесулерді тындау және т.б.).

3. Алдын-ала тергеу өндірісінің жалпы шарттарының қолдануын қадағалау. Прокурормен тергеушінің өзара қарым-қатынастары.

4. Тергеудің тоқтата тұру заңдылығын қадағалау.

5. Алдын ала тергеудің аяқталу заңдылығын қадағалау. Айыптаушы қорытындымен түскен іс бойынша прокурордың шешімі және шаралары.

6. Сотта істер қарастырылғанда заң қолдану бойынша прокурордың қатысуы. қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер қарастырылғанда прокурордың процессуалдық жағдайы. Апелляциялық және қадағалау сатылардағы істер қарауында прокурордың қатысуы және рөлі. Прокурор наразылығы - сот төрелігінің заңсыз және негіzsіз актіне бағытталған прокурордың негіzgі акті. Наразылықты қайтарып алу. Жаңа ашылған мәнжайлар бойынша іс жүргізуі нде заң орындауды қадағалау.

Тақырып 13. Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығына прокурорлық қадағалау.

1. Әкімшілік іс жүргізуге қадағалау мақсаттары мен міндеттері.

2. Бұл саладағы қадағалауды іске асырғанда прокурордың өкілеттігі.

3. Заң бұзуды анықтағанда прокуратуралық шығарылатын елеу актілері.

4. Әкімшілік іс жүргізу, әкімшілік қаулысының атқару күшін тоқтату және т.б. жөнінде прокурордың билік өкілеттігі.

Тақырып 14. Атқарушылық іс жүргізу заңдылығына прокурорлық қадағалау.

1. Бұл саладағы прокурорлық қадағалаудың міндеттері. қылмыс істеуде сезікті мен ұсталғандардың қамау орындардағы заң қолдану қадағалауды іске асыру бойынша прокурордың өкілеттігі.

2. Заңсыз және негіzsіз ұстауға прокурорлық елеу. Алдын ала қамау орындардағы қадағалауды іске асыру бойынша прокурордың өкілеттігі.

3. Бас бостандығынан айыру орындардағы прокурорлық қадағалау. Емдеу профилактикалық мекемелерде заң қолданудың прокурорлық қадағалауы.

Тақырып 15. Прокуратуралық іске асырылатын қылмыстық

қудалау.

1. Қылмыстық қудалау туралы 1995 жылғы 21 желтоқсанның "Прокуратура туралы" КР Заны.
2. Прокуратурамен іске асырылып жатқан қылмыстық қудалау түрлері және бұл бағыттағы прокурор қызметінің өкілдігі.
3. Прокурордың санкциясы қылмыстық қудалаудың ерекше акті ретінде және прокуратураның басқа актілері.